ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ ЖӘНЕ
КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ
«МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ ИНСПЕКЦИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ИНСПЕКЦИЯ ТРАНСПОРТНОГО КОНТРОЛЯ
ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ»
КОМИТЕТА АВТОМОБИЛЬНОГО ТРАНСПОРТА
И ТРАНСПОРТНОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА ТРАНСПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

12 қаңтар 2026ж.
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 08-нқ
город Актау

**Тікелей шарт жасасу арқылы
бір көзден алу тәсілімен
мемлекеттік сатып
алуды жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабы 3-тармағының 35-тармақшасын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **Интернетке қолжеткізу бойынша** қызметін сатып алу бойынша «БиКаДа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен *(ЖСН 020740000206)* Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған адамнан шарт жасасуға құқылы өнім берушілердің тізімі негізінде шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталсын.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Қартбаев Қайрат Еренұлына қағидаларда белгіленген сатып алуды өткізу рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Заңға сәйкес жауаптылықты Инспекция басшысының орынбасары Прназарова Гульмира Жумагалевнаға жүктеймін.

Басшы **Б. Жандаев**

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек**».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабы 3 тармағының 35 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **интернетке қолжеткізу бойынша қызметтерді** мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Басшысы **Б. Жандаев**

Мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің басшысы **Қ. Қартбаев**